

3 Колшанский Г.В. Паралингвистика / Г.В. Колшанский. – М.: Ленанд, 2014. – 100 с.

4 Комадорова И.В., Понятие языковой личности в культурно-коммуникативном пространстве. Характеристики идентичности / Комадорова И.В., Е.В. Кузнецова // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 11. – С. 1732-1735.

5 Лосев А.Ф. Философия. Мифология. Культура / А.Ф. Лосев. – М.: Политиздат, 1991. – 525 с.

6 Наумов В.В. Лингвистическая идентификация личности: монография / В.В. Наумов. – М.: КомКнига, 2006. – 240 с.

7 Потехня А.А. Слово и миф / А.А. Потехня. – М.: Наука, 2009. – 624 с.

8 Срезневский И.И. Мысли об истории русского языка И.И. Срезневский. – М.: Наука, 2006. – 136 с.

9 Александров Д.С. Трансформация национального самосознания в условиях глобализации: автореферат дис. ... канд. филос. Наук / Д.С. Александров. – М., 2013. – 25с.

10 Антонов В.И. Язык и культура. Особенности этносемантической интерпретации / В.И. Антонов // Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. – 2001. – № 2. – С. 50-59.

11 Зудилина Н.В. О некоторых характеристиках численной идентичности / Н.В. Зудилина // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Серия Философия. Культурология. Политология. Социология. – 2010. – Т.23(62), № 2. – С. 70-77.

12 Зусман В.Г. Ключевые концепты национального культурного мира / В.Г. Зусман, З.И. Кирнозе // Языки и культуры. – М.: МГИМО (У) МИД РФ, 2013. – С. 162-172.

ТҮРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алиакбарова А.П.

PhD доктор

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Астана қ.

Бүгінде Түркиядағы қазақ диаспорасы ата-баба дәстүрін жалғастырып, оны сақтап қалуға өз үлестерін қосып келе жатыр. Қазақтың біртуар мемлекет және саясат қайраткері М. Шоқай «әрбір

түрік тілдес халықтың екі отаны бар, біреуі туған елі, екіншісі Түркия» деген еді. Ал, Түркиядағы Түркістан диаспорасының ішінде қазақтардың жағдайын атап өтер болсақ, соның ішіндегі де ең бақытты диаспораның қазақтар екенін ауыз толтырып айтар едік[1]. Түркиядағы қазақ диаспорасының өз ерекшелігі бар. Ол жайында Г.М. Меңдікүлова «мобильді диаспора» санатына жатқызып, олардың жоғары коммуникативті, ұйымдастырушылық және бейімделу қабілеттерінің арқасында және шетелдік мәдени ортада өмір сүре білген дәстүрлі білімдерді қолдана білуі, тұрғын үй, күнкөріс құралынсыз, жылдам, тез арада жаңа экономикалық жүйеге бейімделе білуі, этникалық бизнесті дамыту арқылы жаңа еңбек және тауар нарықтарын құруға мүмкіндік берді [2, с.18]. Жоғарыда аталып өткен пікірмен біз де келісеміз. Себебі, ғылыми тағылымдама барысында байқағанымыздай, жарты ғасырдан аса уақыт өтсе де, қазақ диаспорасы өкілдері сауда, кәсіпшілікпен айналысып келсе, қазіргі таңда заман талабына сай, жоғары білім алуға ұмтылып, түрлі мамандықтарды игеруде.

Өз кезегінде қазақтар Түркиядағы аз ұлт өкілдері сияқты қандай да бір саяси бастамаларға ешқашан қатысқан емес. Өз кезегінде түрік билігі қазақтарды отансүйгіштігі мен бейтараптығы үшін құрметтеп келеді [3]. Түркиядағы қазақтар қауымдастығының берген мәліметі бойынша бүгінде Стамбулдың Зейтүнбұрны ауданында 13400-дей қазақ тұрса, Гүлеш ауданы – 6000 қазақ, Сапагөй, Шекпенжер аудандарында – 1500-2000, Измирде 1000 қазақ тұрады екен. Жалпы, қауымдастықтың құрамында Түркияда 21500 – 22000 қазақ бар [4].

Әлеуметтік саяси зерттеулер институты жасаған социологиялық зерттеудің нәтижесіне қарасақ, Түркияда тұратын қазақтардың 65 пайызы Түркияда туыпты. Түркияда қанша уақыттан бері тұрасыз деген сұраққа 80 пайыздан астамы 40 жылдан аса деп жауап берген. 78 пайыз қазақ Қытайдан көшіп келген екен, ал Пәкістан мен Ауғанстаннан 8 пайызға жуығы ғана көшіп келген. 50 пайызы қазақ тілін ана тілі деп есептесе, 48,3 пайызы түрік тілі деп жауап берген. Ал отбасында 39 пайызы қазақ тілінде сөйлесе, 59 пайызы түрік тілінде сөйлейді екен. Жастардың тек 10 пайызы ғана қазақ тілінде, ал 87 пайызы түрік тілінде сөйлейді. 70 пайыздан астамы ұлттық дәстүрді біледі, әрі сақтайды екен. Сексен пайызы өздерін қазақпыз деп санаса, жиырма пайызы түрікпіз деп кеткен[5].

Шведтің ғалымы, профессор И. Сванберг өз зерттеулерінде Түркиядағы, Қытайдағы, Моңғолиядағы қазақтарды зерттеп, көптеген кітаптар жариялады. Сонда айтылған, шетелдегі қазақтар негізі доминанта ұлттың қысымына қарамастан өздерінің қазақылығын сақтаған, ұйғырлар, мен өзбектер ассимиляцияға тезірек түсіп кеткен. Бір мемлекет шеңберіндегі қазақтарға көрсетілген қысым күшті болған сайын олардың өзін - өзі, ұлттық құндылықтарын сақтау қабілеті

күшейіп, жоғары сипатта болған. Сонда ол қазақтың эндогамиясына (өзін - өзі сақтау қабілетіне) таңқалғанын айтады. Ал өзінің атамекеніндегі қазақтардың бірегейлігі кезінде көптеген трансформацияға ұшыраған [6].

Қазақтардың әлеуметтік өмірінде үлкен прогрессивтік өзгерістер орын алды. Соның көрінісі ретінде қазақтардың үкіметтің қолдауымен өздері «Алтай ауылын» және «Қазақ кентін» құрды. Өндірісте «Баркөл» фермасы, «Шен Түркістан» пластикалық фирмасы, «Түркістан» каучук және пластик фирмасы, «Ақжол» пластик кәсіпорны, «Топлы» тері өңдеу кәсіпорны және Ш. Доғру «Алаш» туристік қызмет көрсету компаниясын ашты. Мұндай кәсіпорындармен өнеркәсіп өнімдерін өндірумен шұғылдануы Түркия қазақтарының индустриялды шаруашылықпен айналысқанын көрсетеді. Сондай-ақ бұл олардың жаңа мәдени ортада өнеркәсіп өркениетін қабылдағанын аңғартатын фактілер болып табылады [7]. Құрылған кәсіпорындардың барлығында қазақша атаулар. Бұл Түркия қазақтарының туған елге құрметі, сағынышы деп түсінсек болады.

Түркия қазақтарының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпына тоқталатын болсақ. Түркияға келгендеріне 70 жылдан астам уақыт өтсе де, қазақ диаспорасының өкілдері өзінің ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын мүмкіндігінше сақтап келеді. Дегенмен де, уақыт өте келе жергілікті халықтың тілін, мәдениетін, менталитетін қабылдауға қай диаспора болса да мәжбүр. Түріктермен дініміздің, тіліміздің ұқсас болуы да олардың басқа халықтармен салыстырғанда кейбір салттарының еніп кетуіне оң ықпал еткен. Қариялар мен орта жастағылар болмаса, қазақ жастары өзінің ана тілін біраз ұмытқан. Бірақ, бала тәрбиесінде ұлттық рухты басты назарда ұстанып, дүниеге жас нәрестенің келуіне байланысты жоралғылардың барлығын дерлік сақтап келеді десек болады.

Зерттеуімізде атап өткеніміздей Х. Алтайдың 1981 жылы «Анаурттан Anadoluya» атты кітабы Түркиядағы қазақтарының өзінің ұлттық болмысын, салт-дәстүрін сақтауына көмегі болады деген мақсатпен жазылған болатын [4, с. 3]. 1980-ші жылдары И. Сванберг Түркиядағы қазақ диаспорасы этнографиясы туралы мол мәліметтер береді [8, с. 354]. Салыстырмалы түрде қарастырсақ шамамен 40 жыл уақыт өтсе де, Түркиядағы қазақтарда кейбір салт-дәстүрлеріміз ұмытылса да, негізгілері сақталған. Оларды тағылымдама барысында жүргізген сұхбаттар, қатысқан шараларда анықтадық.

Түркиядағы қазақ диаспорасына этнографиялық зерттеулер жүргізген ғалымдар Б.К. Калшабаева, А.Қ. Бейсегулова «Түркиядағы қазақтар сол өздері тұрып жатқан елдің жағдайына көбірек бейімделген диаспора» - деп атап өтеді. Бірақ, зерттеу барысында көптеген қолөнер бұйымдарының табылғанын және де оны жасауды жас ұрпаққа үйретіп

отырған шеберлердің бар екендігінде атап өтеді. «Мұның бәрі әрине туған еліне, халқына деген сағыныш пен құрмет деуге болады. Сонымен бірге халқымыздың қолөнері жетістіктерімен таныстыра отырып, ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарауды, болашақ ұрпақтарға тәлім-тәрбие беру қызметін жүзеге асыру болып табылады» [9].

Ғылыми тағылымдама барысында қолөнер шеберлерін бізде кездестірдік. Түркиядағы қазақтар «қыз жасауына» тапсырыспен көрпелер, көпшіктер, дастархан, сырмақ, төсек жапқыш, түскиіз, жастықтың, көрпенің тыстарын, майлықтар жасатады. Қазіргі кезеңде кестенің көпшілігі қолмен емес, тігін машинасымен матаның үстіне оюды бастыра отырып, кестелей салады [10].

Бүгінгі Түркия қазақтарының түріктерден ерекшелігі өздерінің ата-салты мен халық дәстүрлерінің кейбірін сақтап қалуында еді. Мәселен, кісі жерлеу, оның жетісі, қырқы мен жылын беру бар. Тойлар қазақтың салт-дәстүрлері бойынша өтеді [11, б.121]. Соларға тоқталсақ: «Сүйінші беру» - жақсы, қуанышты хабарда сұрайды. Мысалы: жас нәрестенің дүниеге келуі, баланың әскерден оралуы, оқуға түсу т.б. Сондықтан осындай қуаныштарда «сүйінші сұрау» түркиядағы қазақтардың өмірінде де жақсы сақталған [12]. Баланы босана салысымен бір жеті өткен соң, мал сойылып шілдехана өткізіледі. Шілдехана – нәрестенің дүниеге келу құрметіне арналған той, қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлерінің бірі. Баланың дүниеге келгендегі алғашқы тойы. Шілдехананың көне атауы «Шілде күзет» болған. Мағынасы: туылғаннан кейінгі қырық күндік күзет «анасы мен баласын жын-шайтандардан 40 күн бойына, яғни қырқына дейін күзету» [13, б. 98]. Біз байқағанымыздай босанған күні шаңырақта жақын туыс ағайындар жиналып, қуанышпен бөлісіп, жаңа туған нәрестенің тағдырына дұға жасайды.

Қазіргі кезде Түркия қазақтарында «Қалжа» дәстүрі сақталған. Жас босанған әйелді күтіп, оны баптауды ежелер, болмаса үлкен абысындары жүргізеді. Минан апаның айтуынша: «Біз абысындарымызбен тату тұрдық. Бір-бірімізді босандырып ала беретінбіз. Қайни қажымен біз жастайымыздан абысын болып келеміз. Бізді ежелеріміз, үлкен абысындарымыз білмеген тұстарымызды айтып отыратын». Шамасына қарай қой сойылып, 40 күн бойы сорпалайды. Кейінгі кезде жас босанған әйелдерге абысындары, келіндері қалаған тамақтарын әкеліп, күтуге тырысады. Бұл да болса біздің игі дәстүрлеріміздің ұрпақ тәрбиелеудегі маңыздылығын көрсетеді [12]. Сонымен қатар, түркия қазақтары «Азан шақырып ат қоюға» үлкен мән береді. Ата бабамыздан келе жатқан игі дәстүрлердің бірін сақтап келеді.

Қазақ елінің дәстүріне сай малдардың еттері мүшелерге бөлінеді. Бұл мүшелердің әрбірінің өзіне тән мән - маңызы бар. Бұл себепті әр

кезде, әр жерде кісінің жолы (мәнсабы) мен жасына қарай мүшеленіп тартылады. Бұны «ет жасау» дейді [14, s.143]. Тағылымдама барысында отбасылық, қоғамда өткізілген ауқымды бас қосудың арасында бірге болу мүмкіндігі болып отырды. Сонда «ет жасауға» үлкен мән беретінін байқадық.

Түркия қазақтары «неке қию» салтына үлкен мән береді. Бүкіл сауық - кештер аяқталғаннан кейін, арнайы бір қой сойылып, екі жақтың үлкендерімен бірге көрші-қолаңға беріледі, әрі молда шариғат бойынша неке қияды. Ақсақалдар жастардың бақытты болуы үшін бата береді.

Түркия қазақтарының ұлттық салт-дәстүр мен тілді ұмытпауына, оны сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіне қолдау көрсететін ресми құрылған қорлар мен қазақ ауылдары десек болады.

Түркиядағы қазақтардың ауызбіршілігін сақтауда, мәдени шараларды өткізуде «Қазақ түркілері» қорының орны ерекше. Қазіргі таңда кәсіпкер Фазыл Топлы басқарып отыр. 1986 жылы құрылған қор өз міндетін осы уақытқа дейін атқарып келеді. Қордың басты мақсаты – қазақ мәдениетін таныту, ата-баба дәстүрін сақтау, қазақтар арасында ынтымақты күшейте отырып, жастарды тәрбиелеу үшін қазақ тілін, тарихын оқыту, қолөнеріне, музыкалық аспаптарды таратуға, ән айтуға, би билеуге және оқыту дәрісханаларын ашу, оқудың ақысын беру. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Яссауи қоры (1991), Шығыс Түркістан көші-қон одағы (1960), Салихлы қазақ, Гүнешлі қазақ қоғамы (2001), Алтай ауылы қазақ қоғамы (2001), Ісміл ауылы қазақ түркілері мәдениет және әлеуметтік жәрдем қоғамы, Жас қазақ клубы біраз жұмыстар атқарып келеді. Қазіргі таңда Шабан Серкан Динчтүрік басқарып отырған «КАТЕАД», Қазақ-Түрік білім және зерттеу қауымдастығының атқарып отырған жұмысы ерекше. Қауымдастық «Қазақ елі» журналын үзбей шығарып отырады [15].

Қорыта айтсақ, Түркиядағы қазақ диаспорасы бір жағынан өз ұлттық ерекшеліктерін, яғни салт-дәстүрін, тілін, шаруашылық үлгісін сақтай отырып, екінші жағынан сол мемлекеттің өмір салтына, экономикасына бейімделіп заман ағымына сай өмір сүріп жатыр. Әрине уақыт өз дегенін жасап, оның үстіне ұзақ уақыт туған жермен байланысы болмағандықтан жастардың түркіленуі байқалады. Түркиядағы қазақ жастарының түркіленуін бәсеңдету үшін қазақ диаспорасы Қазақстанмен тығыз байланыс орнатып, Қазақстан да оларға мүмкіндігінше көмектесуі қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қара Ә. 50 жылында Түркия қазақтары және Қазақстан / Ә. Қара. – <http://www.abdulvahapkara.com/turkiya-qazaqstan50/18.04.2020>.

2 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие / Г.М. Мендикулова. – Алматы: Ғылым, 1997. – 261 с.

3 Лаумулин М.Т. Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу / М.Т. Лаумулин. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. – 472 б.

4 Тасболатова К. Түркия қазақтары: қазақтығын сақтап қала ма? / К. Тасболатова // Түркістан. – 2007. – 24 мамыр.

5 Ошақбаева Ж.Б. Түркия мен Еуропа қазақтарының құндылықтар әлеміндегі өзгерістер // Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті: респ.ғыл.-практ.конф. матер.– Алматы: ДҚҚ «Атажұрт» баспа орталығы, – 2013. – 347-353 бб.

6 Нысанбаев Ә.Н. Ұлттық идея-шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің негізі / Ә.Н. Нысанбаев // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген: халық. ғыл.-практ.конф. – Алматы, 2012. – 269-275 бб.

7 Мұқаметханұлы Н. Қытай қазақтарының Түркия мен Еуропа елдеріне таралуы және жаңа кәсіпкерлікті игеруі / Н. Мұқаметханұлы // Орталық Азияның қазақ диаспорасы: тарих – мәдениет – ескерткіштер: халық. ғыл. конф. матер. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 56-63 бб.

8 Бенсон, Л. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. /пер. с англ. / Л. Бенсон, Сванберга И. – Алматы, 2005. Т.3.– 456 с.

9 Алтай А. Ауғанстандағы қазақтардың Түркияға көшіп келуі / А. Алтай –https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=199231121611682&id/20.12.2020.

10 Қалшабаева Б.К. Түркиядағы қазақтардың қолөнер мұраларының сақталу мәселелері / Б.К. Қалшабаева, А.Қ. Бейсеғұлова // Қазақстан туралы қазақ диаспорасының тарихи білімі: айм. «дөңгелек үстел» мәжілісінің матер. –Алматы, 2013. – 74-83 бб.

11 Алтай Х. Алтайдан ауған ел / Х. Алтай. – Алматы, 2014. – 272 б.

12 Қалшабаева Б.К. Түркия қазақтары: этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері / А.Қ.Бейсеғұлова – Алматы, 2013. – 184 б.

13 Алиакбарова А.П. Алтай Шакира: сұхбат / А.П. Алиакбарова. – Стамбул, 2018 – 10 қазан.

14 Altay H. Anayurttan Anadolu'ya / H. Altay. – Ankara, 1981. – 475 s.

15 Ұлттың ұлы жиыны: деректер жинағы: / құраст.Б. Уатқан. – Алматы: ДҚҚ «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. – 408 б.